

## Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы

### ЕСЕП

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 6D010100 – «Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу» мамандығы бойынша Диссертациялық кеңес

#### 1. Өткізілген отырыстар саны жайлы мәліметтер

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 6D010100 – «Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу» мамандығы бойынша Диссертациялық кеңесінің 2021 жылы 4 отырысы өткізілді.

#### 2. Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөндері (болған жағдайда)

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

#### 3. Оқу орындары көрсетілген докторанттардың тізімі.

1. Шауенова Меруерт Ауесхановна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

2. Тлеубай Сандұғаш Тлеубаевна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

#### 4. Есеп беру жылы бойынша диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:

##### 1. Шауенова Меруерт Ауесхановнаның диссертациясы бойынша:

1) Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «У.Кайқауыстың «Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялар негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың болашақ педагогтерін даярлау»

Мамандық: 6D010100 – «Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу»

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., профессор Манкеш А.Е., доктор PhD, Юджел Гелишли

Қорғау 2021 жылдың 26 мамырында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- У.Кайқауыстың туындысы «Қабуснама» алғаш педагогикалық зерттеу тақырыбына айналып, У.Кайқауыс дәуіріндегі әлеуметтік-мәдени жағдайлар мен «Қабуснаманың» ғылыми еңбектердегі зерттелу жайы анықталды;

- болашақ МДҰ педагогтерін У.Кайқауыстың «Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялары арқылы даярлау теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негізделді;

- У.Кайқауыстың педагогикалық ілімінің идеялық бастаулары және олар халық педагогикасымен сабақтастықта анықталды;

- У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары негізінде болашақ МДҰ педагогтерін даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрылып, даярлау шарттары анықталды;

- болашақ МДҰ педагогтерін «Қабуснамадағы» педагогикалық идеялар негізінде даярлаудың әдістемесі жасалып, тәжірибеден өткізіліп, ғылыми негізделген ұсыныстар әзірленді

2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

М.А.Шауенованың диссертациялық жұмысының тақырыбы Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырумен байланысты.

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Болашақ педагог-тәрбиешілерді У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары арқылы даярлауға арналған «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін У.Кайқауыстың «Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялар негізінде даярлау» атты элективті курс бағдарламасы, «У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары» атты дәрістер жинағы даярланды.

Зерттеу нәтижелері Қазақстанның педагогикалық ойлар тарихын тереңірек оқып-үйрену үшін мүмкіндік туғызады және педагогтер: педагогика, педагогика тарихы, мектепке дейінгі педагогика тарихын, балалар әдебиеті, этнопедагогиканы оқыту барысында, ал студенттер У.Кайқауыстың тарихи мұрасын оқып-үйрену бойынша өзіндік жұмыстар, эссе, баяндамалар мен диплом жұмыстарын жазуда, практикалық іс-әрекеттерінде қолдана алады

## 2. Тлеубай Сандуғаш Тлеубаевнаның диссертациясы бойынша:

4) Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілділік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту».

Мамандық: 6D010100 – «Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу»

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., профессор Манкеш А.Е., Гурджу Ердмар – доктор PhD.

Қорғау 2021 жылдың 28 маусымында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту теориялық тұрғыда негізделіп, «үштілдік коммуникативтік құзыреттілік» ұғымы нақтыланды;

- мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері анықталды;

- болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

- болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту әдістемесі дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында тексеріліп, ғылыми негізделген ұсыныстар дайындалды.

5) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

С.Т.Тлеубайдың диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асырумен байланысты.

б) *диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту мақсатында «Үштілді білім беру негізінде коммуникативтік құзыреттілікті дамыту» атты элективті курс бағдарламасы және «Let's do it» үйірмесінің бағдарламасы мен оны іске асыратын әдістемесі дайындалды;

Зерттеу нәтижелерін жоғары және арнаулы педагогикалық оқу орындарында, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты мен жалпы орта білім беретін мектептердің, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

## **5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).**

Рецензенттер ретінде мектепке дейінгі білім беру саласына елеулі үлес қосқан ғалымдар тағайындалды. Рецензенттер докторлық диссертацияларды біліктікпен талдады.

### **1. Шауенова Меруерт Ауесхановнаның диссертациясы бойынша:**

*Әлсатов Тұрсын Мухамерұлы* – педагогика ғылымдарының докторы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің профессоры.

*Керимбаева Рысты Қалдыханқызы* - педагогика ғылымдарының кандидаты, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті.

### **2. Тлеубай Сандуғаш Тлеубаевнаның диссертациясы бойынша:**

*Керимбаева Рысты Қалдыханқызы* - педагогика ғылымдарының кандидаты, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті.

*Майлыбаева Гульмира Сабыровна* – педагогика ғылымдарының кандидаты, Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің қауымдастырылған профессор м.а.

## **6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар**

- диссертацияларды қорғауға жіберетін ЖОО мен бітіруші кафедралар зерттеу жұмысының сапасы мен қорғауға қажетті құжаттарға баса назар аударулары керек.

## **7.Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:**

	6D010100 – «Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу»
Қорғауға қабылданған диссертациялар	2

Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-
Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-
Рецензенттің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-
Қорғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-

Диссертациялық кеңестің  
Төрағасы  
(қолы, аты-жөні)



Бекмағамбетова Р.К

Диссертациялық кеңестің  
Ғалым хатшысы  
(қолы, аты-жөні)

Абитова Г.Т.

« 31 » желтоқсан 2021 жыл